

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы 1993 жылғы 21 қазан. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 593 Заңымен

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы жарияланған күннен бастап күшіне енгізілсін

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

"Жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы" 1981 жылғы 12-маусымдағы Қазақ КСР Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1981 ж., N 25; 1984 ж., N 36, 447-құжат);

"Жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы" Қазақ КСР Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" 1981 жылғы 12 маусымдағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1981 ж., N 25).

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен сәйкестендіретін болсын;

- 1994 жылғы 1 наурызға дейін министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңына қайшы келетін қалыпты құжаттарын қайта қарап, күшін жоюды қамтамасыз етсін;

- 1994 жылғы 1 шілдеге дейін:

аң аулау және балық аулау объектілері болып табылатын, сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлар түрлерінің тізбесін;

аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу құқығын беру тәртібін, аңшылық шаруашылығын жүргізу және аң аулау өндірісі туралы ережені, Қазақстан Республикасы аумағында аң аулау ережелерін;

балық және басқа су жануарларын кәсіпшілік аулауға құқық беру тәртібін, балық қорын қорғау және Қазақстан Республикасы су қоймаларында балық аулауды реттеу туралы ережені;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі арнайы уәкілдік берілген органдар қызметкерінің

ж а р ғ ы л а р ы н ;

жануарларды мемлекеттік есепке алу және жануарлар дүниесінің мемлекеттік жиынтық мәліметін (кадастрын) жүргізу, зоологиялық жүйелі жинақтарды (коллекцияларды) жасау мен мемлекеттік есепке алу тәртібін;

жануарлар дүниесін пайдалану, сондай-ақ оны қорғау мен өсімін молайту нормативтерін және олар үшін төлем алу тәртібін;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдардың ведомстволық, өндірістік және қоғамдық бақылау қызметтерінің арнаулы құралдар мен атыс қаруын сақтау, алып жүру және қолдану құқығы берілген лауазымды адамдары тізбесін б е к і т е т і н б о л с ы н ;

- 1995 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы аумағында жануарларды мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырып, жануарлар дүниесінің жиынтық мәліметін жүргізуді қамтамасыз етсін.

4. Заңдар, заңдылық және құқық тәртібі мәселелері жөніндегі комитет пен Экология мәселелері және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі комитетке Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, Қазақ КСР Қылмыстық кодексіне және "Қазақ КСР-індегі айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы" Қазақ КСР Заңына "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңынан туындайтын өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізу тапсырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы